

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 тамыздағы N 1272 және 1999 жылғы 31 наурыздағы N 343 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 желтоқсан N 1347

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1)

Ескерту. 1) тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 545 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2) "Жұмыстардың және қызмет көрсетулердің жекелеген түрлерінің рыногын дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 343 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 11, 105-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген нарықтық қатынастар субъектілері заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің тізбесінде :

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес мемлекеттік монополияға жатқызылған функциялардан басқа, ветеринария саласындағы жұмыстар және қызмет көрсетулер.";

6, 7, 8, 9, 10-тармақтар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі